

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 32/417
14 августа 2015 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл

Дайджест интернет-публикаций

ҚАЗАҚТЫҢ ДАНАСЫ ҒӘМ ДАРАСЫ



Қазақ өлеңі туралы сөз қозғағанда ең әуелі аузымызға Абай есімі түсері анық. Қазақтың ғасырлар бойғы қалыптасқан кара өлеңіне соны серпін, тың жаңалық әкелген және өлеңжырдың жазылуына, ұйқасы мен буынына, техникасы мен құрылымына өзінше соқпақ салған да Абай еді.

Абай салған сара жол — осы күнге дейін жалғасып келеді және жалғаса бермек. Ол әлем әдебиеті өкілдерінің, соның ішінде орыс ақындарының өлеңдерін аударып, жыр әлеміне тағы бір ерекшелік енгізді. Осы кезге дейін дәл Абайша аударма жасағандар өте сирек кездеседі екен. Қазақ ұлтының бас ақыны, ойшылы, бір ауыз сөзбен айтқанда данасы һәм дарасы болған Абай Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойы аталып өтетін жылда оның өмірбаяны мен шығармашылығы жайында қалың оқырманға қысқаша түсінік бере кетуді жөн санаймыз.

Абай Құнанбаев 1845-жылы бұрынғы Семей уезі, Шығыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) дүниеге келген. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы уезіне аға сұлтан болған. Абай әуелі ауылда Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Абайдың әкесі он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді. Ол бос уақытында Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Навои, Физули, Фирдоуси шығармаларын өз бетімен оқып, ертегі, дастан, хисса сияқты әдеби мұралармен танысады. Абай медреседе небәрі үш-ақ жыл оқиды, соңғы жылдары өз бетімен «приходская школаға» түсіп, орысша да оқиды. Бірақ мұндағы оқу ұзаққа бармайды. Жасы 13-ке келіп, ерте есейіп, ақыл-ойы тола бастаған шақта өткір, зейінді Абайды әкесі Құнанбай ел билеу ісіне араластырып тәрбиелемек болып, оны оқудан елге алып кетеді. Әкесінің жұмсауымен Абай ел ішіндегі әр түрлі мәселелерге араласады. Ол көптеген ескі әңгімелерді, өлең-жырларды халық ішінен үйренеді. Қаладағы медреседе үш жыл діни оқу арқылы Абай араб, парсы, шағатай тілдерін жетік біліп, Шығыс ақындарының шығармаларымен танысуға мүмкіндік алды. Қазақтың халықтық өлең-жырларын, ертегі, қисса, аңыз-әңгімелерін әжесі Зере бәйбішесінен, халық ақындары Шөже, Бөйкөкше, Балталардан естіп, жастай жадында сақтады. Абай арабтың классикалық шығармасы «Мың бір түн» ертегісінен «Әзім әңгімесін» поэма етіп жазып, Бағдатта бояушы, суретші, алхимик Әзім атты жігіттің басынан кешкен уақиғасын баяндайды.

1860-жылдардың аяғында Абай өзінің білімінің таяздығын сезініп, Семей қаласындағы Гоголь кітапханасына келіп орыс, Батыс классиктерінің шығармаларын өз бетінше ізденіп оқи бастайды. Осы кітапханада Л.Н.Толстойдың шығармаларын оқып отырған Абай Петербург университеті студенттерінің саяси ереуіліне қатысканы үшін жер ауып келген жаратылыстанушы ғалым Е. П.Михаэлиспен кездесіп, танысады, кейін олар айрылмас дос болып кетеді. Михаэлис орыстың ұлы классиктері Пушкин, Толстой, Лермонтов, Крылов, Салтыков-Щедрин, Некрасовтармен қатар революционер-демократ ағартушылар Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары Шекспир, Байрон, Гёте, А.Дюмалардың, философтар Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин, т. б. еңбектерін оқуға кеңес береді. Бұрын қолына түскен кітапты оқитын Абай енді орыс, Батыс ғалымдары мен ақын-жазушылардың еңбектерін белгілі мақсатпен жүйелеп оқуға көшеді. Абайдың: «Дүниеге көзімді ашқан — Михаэлис»

деуі осыдан туындаған. 1880-жылдары Михаэлис арқылы ол Долгополов (антрополог), Леонтьев (адвокат) сияқты Ресейден жер ауып келген демократтармен достасады. Олар жаз айларында Абайдың аулына келіп, қазақ өмірімен танысады. Абай бұлардың әсерімен Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділерді, Лермонтовтың «Бородино», «Теректің сыйы», «Демон», «Жалау», «Жарта», т. б. ондаған өлеңдерін, Крыловтың «Қазаға ұшыраған кара шекпен», «Шегіртке мен құмырсқа», «Бака мен өгіз», «Піл мен канден», «Есек пен бұлбұл», т. б. мысалдарын аударды. Гегенің «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін орысшасынан (Лермонтов) аударып, ән де шығарады.

Абай орыс, Батыс классиктерінің шығармаларын аударуда олардың өршіл бостандықты аңсаған «Бородино», «Қанжар», «Жалау» сияқты өлеңдері мен әділетсіздікті, топастықты әшкерелейтін мысалдарын тандап, талғап аударған. Ақын орыс және батыс мәдениетін толғап, тандап үйрену керектігіне көңіл бөледі. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде сол кездегі қазақтың оқыған жастарының халық үшін қызмет студент гөрі, пара алып бауды, шен алып, шекпен киіп патша әкімдеріне жағуды мақсат тұтатынына ызаланып, мінеп-сынайды.

Абай XIX ғасырдың 90-жылдары өзінің ой толғаныстарын қара сөздермен жазған. Өз шығармасын қара сөзбен жазудың публицистикалық түрінің негізін қалаушы Шоқан болса, көркем қара сөз қазақтың көркем жазба әдебиеті тарихында Ы.Алтынсариннен басталады. Одан әрі қарай дамытушы Абай болды. Абайдың қара сөздері — көркем әңгіме емес, ғақлиялық даналық сөздер. Онда ғылыми философиялық толғаныстар кең орын алған. Абай қара сөздерді жазуға зор дайындықпен келген. Ол бұл еңбектерін діни сопылық-теологиялық ғылымды да, жаратылыс заңдарын ашқан Галилей, Коперник, Спенсер, Ньютон, Пифагор, Дарвин еңбектерін де, ертедегі философ ғылымдар Сократ, Аристотель, Платон шығармаларын да, Шығыстың ойшылдары — Фирдоуси, Шамси, Қожа Хафиз, Бабыр, т. б. еңбектерін де оқып, ақыл-парасаты әбден толықсыған шағында жазуға кіріскен. Ол қара сөздердегі келтірілген терминдік атаулар мен сілтемелерден немесе ой-пікір үндестігінен байқалады. Абайдың қара сөздерінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөйлемдері қысқа, мағынасы терең, оқушыға ой саларлық, ғибрат беруді көздеп құрылған. Көпшілік қара сөздерінде философиялық сұрау беріп, сол сұрауға өзі жауап беруге тырысады. Немесе өзімен-өзі кеңесу, ой-пікір білдіру үлгісінде құрылады. Бұл — Батыс, орыс ойшылдарының көп қолданған әдісі. Ғылым, көркемөнер, этика мәселелері туралы өз көзқарастарын білдіруде олар осы әдісті кеңінен пайдаланған.

Абайдың қара сөздерін тақырып жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Дүниенің тылсым сырын танып білу мәселесіне «Жетінші», «Он тоғызыншы», «Отыз бірінші», «Отыз сегізінші», «Қырық үшінші» қара сөздерінде тоқталып, ой қорытады. Ол өзінің «Қырық үшінші» қара сөзінде «Адам баласы көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады да, содан білгені, көргені көп адам есті, білімді болады» дейді. Ал «Жетінші» қара сөзінде: «Бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәттің құмарлығы. Екіншісі — білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деп талпынып, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыншымау. Бұл — жан құмарлығы...».

2. Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» қара сөздері ілім-білімге ұмтылуға боғет болатын надандық, талапсыздық, жалқаулық мінездерді сынауға арналған. Ол бірлік, тірлік деген сөздердің мәнін аша келіп, «Алтыншы» сөзінде «бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес» десе, енді бір жерінде «ырыс алды — тірлік» дейді де, «Ол қандай тірлік?.. Жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тіршілік итте де бар... Жанын қорғалатып, жаудан қашып,

СОСТОЯЛОСЬ ОТКРЫТИЕ ТАМОЖЕННОЙ ГРАНИЦЫ КАЗАХСТАНА И КЫРГЫЗСТАНА


Президенты Казахстана и Кыргызстана Нурсултан Назарбаев и Алмазбек Атамбаев открыли границу посредством телемоста в культурном центре "Рух ордо".

Также 12 августа, в ходе встречи лидеры двух государств обсудили вопросы евразийской интеграции и новые условия взаимодействия в связи со вступлением Кыргызстана в Евразийский экономический союз, включая его поддержку в рамках ЕАЭС.

«Открытие таможенной границы между нашими странами - это знаменательное событие, которое создаст новые возможности для бизнеса двух государств, оживит взаимную торговлю. Выполняя условия договоренностей, которых мы достигли в рамках ЕАЭС, будем двигаться дальше в построении единого экономического пространства, и я уверен, что мы увидим реальные положительные результаты», - сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства отметил, что, несмотря на сложную ситуацию на мировых рынках, наши страны успешно развивают торгово-экономическое сотрудничество, на сегодня Казахстан инвестировал уже более 1,5 миллиарда долларов в развитие различных отраслей Кыргызстана.

«В настоящее время наблюдаются кризисные явления на внешних рынках, которые не могут не сказываться на нас, вызывая некоторое снижение



товарооборота. Но в перспективе деятельность в рамках союза приведет к росту экономических показателей и улучшит благосостояние наших народов», - заявил глава государства.

Кроме того, президент Назарбаев подчеркнул, что казахстанско-кыргызские отношения всегда находятся на высоком уровне, и вступление Кыргызстана в ЕАЭС создает условия для дальнейшей активизации товарооборота, который уже превышает 1 млрд долларов, сообщает пресс-служба Акорды.

источник:ИА Total.kz

ИСКУССТВЕННЫЙ РАЗУМ СОЗДАН В КАЗАХСТАНЕ

Самообучающийся искусственный разум создан в Казахстане. Карагинцы Адиль Аугалиев, Олжас Шакиров и алматинец Назир Утебаев создали искусственную нейронную сеть, способную к самообучению.

Накануне на отборочном туре акселерационной программы Technation для команд из стран СНГ, Европы и Азии, организованном министерством по инвестициям и развитию совместно с АО «Национальное агентство по технологическому развитию» при участии бизнес-акселератора Harry Farm, состоявшемся в Алматы, этот проект попал в топ 40 лучших проектов Европы из 345 участников.

Созданный самообучающийся искусственный разум, как заявляют авторы проекта, полностью отвечает посланию главы государства «Стратегия Казахстана-2050: новый политический курс состоявшегося государства».

Искусственная нейронная сеть способна выполнять распознавание объектов на изображениях и предметах с высокой разрешающей способ-

ностью, и в дальнейшем самостоятельно определять и запоминать характерные особенности каждого предмета. Сеть построена по принципу биологических сетей из нервных клеток живого организма.



Нейронные сети не программируются, они обучаются. Возможность обучения — одно из главных преимуществ нейронных сетей перед традиционными алгоритмами. Техническое обучение заключается в нахождении коэффициентов связей между нейронами. Эта программа универсальна. Ее можно использовать на дорогах и во дворах жилых микрорайонов по социальному проекту «Безопасный город», объединив системы уличного видеонаблюдения в одну сеть. Таким образом, искусственный разум сможет анализиро-

(окончание на стр.2)

коркак атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады.

3. Ар-ұят, адамгершілік, мәселелері «Бесінші», «Онбірінші», «Он сегізінші» сөздерінде әңгіме болады. «Отыз үшінші» сөзінде мал табудың жолдарын өнерден іздеу туралы өсиет айтады.

4. Абай ғылым, білім, өнер жайын сөз еткенде, ең алдымен, сауданың тегін білетін өзбек, татар жұртын, өнер ғылымның жолын қуған орыс жұртын үлгі етеді. Хикмет те, өнер де, мал да, ғылым да — бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Әрбір жұрттың тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына (тең болу деген мағынада) енеді... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» («Жиырма бесінші» сөз), — дейді. «Қара сөздер» Абайдың соңғы туындылары қатарына жатады. Себебі 1900—1904 жылдары арасында жүрек ауруының асқынуы салдарынан ұлы ойшыл өндіріп көп

еңбек жаза алмаған. Сөйтіп, ол 1904 жылы 23 маусымда 59 жасында дүниеден қайтты.

лтымыздың мақтанышына айналған ұлы тұлғаның мерейтойларын лайықты атап өту дәстүрі еліміз бойлап етек алған және біздің қаламызда да осынау ісшара дәстүрге айналып, өз жалғасын тауып келеді. Оның 150 жылдық мерейтойы 1995-жылы үлкен дәрежеде атап өтілді және қаланың үлкен көшесінің біріне оның есімі берілді. Осыдан біраз жыл бұрын сол кездегі қала әкімі Е.Өтешевтің бастамасымен «Достық» көшесінің бойына ақынның ескерткіш мүсіні қойылды. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Абай оқулары жүйелі түрде өткізілуде. Былғы қой жылы той жылы болып, үлкен және маңызды ісшаралар жақсы жалғасып келеді. Лайым елімізде әрдайым тыныштық болып, елінің асыл ардағына айналған ата-бабаларымыздың рухы қолдай берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕП,
газеттің арнаулы тілшісі



ЖАСТАР КҮНІ МЕРЕКЕЛЕНДІ

Жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бұғіні мен ертеңі де жастар тұлғасымен тікелей байланысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев әр Жолдауы сайын жастарға артылар сенім мен жасалатын қамқорлық жайында үздіксіз айтып келеді. Олардың білім мен мамандық алуына, қоғамнан лайықты өз орындарын табуына, баспаналы болып, заманға сай өмір сүруі және дем алуына жан-жақты жағдайлар жасалып жатқаны бар-шамызға мәлім.

1999-жылғы желтоқсанның 17-жұлдызында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 12-тамызды Жастар күні деп бекіткен болатын. Ең алғаш Жастар күні 2000-жылдың 12-тамызында аталып өтті. Содан бері бұл мереке біздің елімізде жыл сайын дәстүрлі түрде аталып келеді. «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөнін-дегі орталығы» КММ және қала жастарының ұйымдастырумен 12-тамыз күні Приозерск қаласының орталық алаңында мерекелік кеш өткізілді. Аталмыш мерекелік шара аясында қаламыздың мың бұралған бишілері мен күміс көмей әншілері



және «Ойнап айтам» жайдарман тобы өз өнерлерімен қала тұрғындарына мерекелік көңіл-күй сыйлады.

— Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы білімді, ақыл-ойы терең

жастардың қолында. Жастар жаңашылдықтың жаршысы. Еліміз де осы жастарға үлкен үміт артады. Сондықтан өз белсенділігіміз бен қабілетімізді көрсетіп, биік шыңдарды бағындырайық, жастар! — деп қатар-құрбыларын қоғамның белсенді мүшелері мен еліміздің айтулы азаматтары болуға шақырады Приозерск қаласының белсенді жасы Ә.Х.Түсіпбекова

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Нұрлы жол — болашаққа бастар жол

САПАЛЫ ЖОЛ — ЭКОНОМИКА ТІРЕГІНЕ АЙНАЛМАҚ

«Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясаты аясында Елбасы көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамытуға да ерекше мән берген болатын. Соған орай, алдағы бес жыл ішінде кең байтақ Қазақстанның даласы алып жол құрылыстары алаңына айналады, еліміздің экономикалық, транзиттік әлеуетін арттыратын заманауи көліктік инфрақұрылымның ауқымды жобалары іске асырылатын болады. Түптеп келгенде мұнда барлық өңірлердің республиканың орталығы — Астана қаласымен автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша байланысы қамтамасыз етіледі. Оның қатарында «Батыс Еуропа — Батыс Қытай», «Астана — Алматы», «Астана — Ақтөбе — Атырау», «Алматы — Өскемен» және басқа бағыттары бар.

Айта кетерлігі, дамыған көлік жүйесі кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Өйткені, халықаралық қауымдастықпен мойындалған ақиқат — мемлекет жолдарының сапалылығы әрі тығыздығы жоғары болған сайын, экономиканың бойына қан жүгіріп, шапшаң қозғалыстар барыс-келісті арттырады, сауда-тауар айналымын жеделдетеді. Сарапшылардың бағалауына сүйенсек, әлемдік зерттеулер бойынша инфрақұрылымға инвестициялардың 1 доллары экономиканың дамуына 1,5 доллардан 2 долларға дейін кіріс қосады екен. Бұл ретте автожолдарға ерте кезеңде инвестицияланған әрбір доллар өнімнің өзіндік құнын 23 центке дейін төмендетеді алады екен. Мәселен, АҚШ-тың автожолдарының ұлттық желісі соңғы 40 жыл ішінде өндірісшілерге 1 триллион доллардан аса соманы үнемдеуге мүмкіндік берген болып отыр. Сонымен қатар, дағдарыс кыспағына түскен мемлекеттер тарихының тәжірибесінде инфрақұрылымға инвестициялар салудың дұрыстығы да дәлелденіп келеді. Айталық, өткен ғасырдың басындағы Ұлы дағдарыстан шығу үшін АҚШ инфрақұрылымға белсенді түрде инвестициялық салымдар құя бастаған. Сөйтіп, әуежайлар, жолдар, көпірлер, электрстансалар мен мектептерді қоса алғанда 30 мыңнан астам жобаға орасан қаражат жұмсалған екен. Осылайша, 30-шы жылдардың басынан бастап америкалықтар он жылдың ішінде 1 миллион шақырымнан астам жаңа жол, 77 мың жаңа көпір салып алды. Мектептердің 70 пайызы мен ауруханалардың үштен бірі осы жылдары салынғанды. Бұл 4 миллионнан аса жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Мұндай мысалдарды әлемдік мемлекеттер тәжірибесінен көптеп кездестіруге де болады. Ендеше, жаһандық жағдайға орай «Нұрлы Жол» жаңа экономи-

калық саясаты қазақстандық ұстанымның, соның ішінде Елбасы айқындаған даму даңғылының дұрыстығын тағы да нығыздай түседі.

Тағы бір айтарымыз, теңізге шығар жолы жоқ, сонымен бірге шапшаң дамып, әлемдік сауданың тірегіне айналып отырған алып Қытайдың көршісі болып табылатын Қазақстан үшін көліктік-транзиттік әлеуетті дамыту мейлінше маңызды. Осындай мегажобалардың жақсы әрі ұтымды тұсының бірі олар арқылы елдің өңірлеріндегі көліктік коммуникацияларын да қоса жақсартуға, олардың бір бірімен өзара байланысын жаңғыртуға да болады. Тағы бір назар аударарлық жайт, қазіргі таңда Қазақстан жолдарының 40 пайызға жуығы тозығы жетіп, қанағаттанарлықсыз күйге түскен. Бұлардың барлығы дерлік кешегі Кеңес Одағы тұсында салынып, содан жанартылмаған жолдар болып табылады. Ал жолдың сапасыздығы көлік шығынының ғана емес адам шығынының да өсуіне әкеп соқтырады және жалпы алғанда ел экономикасына келеңсіз әсерін тигізетіні сөзсіз. Мәселен, кейбір есептер бойынша Қазақстанда көлік шығындары тауар құнының 25-тен 50-ге дейінгі пайызын құрайды, ал Еуропа Одағы елдерінде бұл 5-6 пайыз ғана екен. Сондықтан да, Мемлекет басшысы жаңа саясат арқылы жаңа жолдарды салуға назар бұрып отыр. Осы мақсатта алдағы үш жылда Қазақстанда жаңа жолдарды, электр жүйелерін, коммуникацияларды салуға шамамен 9 миллиард АҚШ доллары жұмсалмақ. Дәл сондай шамадағы қаражат қосалқы қаржыландыру құқығымен халықаралық қаржы институттары тарапынан тартылатын болады. Тұтастай алғанда, бұл шара инфрақұрылымды жақсартумен қатар елдің барлық өңірлерінің теңгерімді дамуына ықпалын тигізеді. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2019 жылға дейін ел өңірлерінің орталықтары арасындағы жолға кететін уақыт үштен бір бөлікке қысқарады деп болжанғаны белгілі.

Қазірдің өзінде жұмыс қызу жүруде — 700 шақырым автожол салынды, алда 7 мың шақырымнан астам автожолды салу және қайта жөндеу міндеті күтіп тұр. Тұтастай алғанда, «Нұрлы Жол» бағдарламасы — бұл Қазақстанның халықаралық көліктік-логистикалық желілерге интеграциялануының жалғасы болып табылады. Ендеше бір жағынан жаһандық қатерлерге жауап ретінде қолға алынып отырған бағдарламаның аласа жұртшылық үшін игілікті болатыны сөзсіз.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ

ИСКУССТВЕННЫЙ РАЗУМ СОЗДАН В КАЗАХСТАНЕ

(*ақпараттың басталуына сәйкес*)

вадь не только повседневные события, такие, как дорожные заторы, но и определять потенциально опасные ситуации — скопление людей, их

поведение, наличие у них алкогольных напитков, — говорит разработчик Адиль Аугалиев.

источник: <http://www.altyn-orda.kz/>

О ЗАЩИТЕ ПРАВ ДЕТЕЙ, ПОДВЕРГШИХСЯ НАСИЛИЮ



Рыль состоялась 10 августа 2015 года в Службе центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан.

По информации Генеральной прокуратуры за 6 месяцев 2015 года число правонарушений, совершенных в отношении несовершеннолетних, уменьшилось на 28,5% (с 3 908 за 6 мес. 2014г. до 2 795 за 6 мес. 2015г.). Также, отмечено снижение насильственных правонарушений на 9,2% (с 1618 до 1394).

Сегодня активное участие в сфере охраны прав детей принимают около 400 общественных объединений, неправительственных организаций, представители которых входят в состав консультативно-совещательного органа при Правительстве.

Совместно с неправительственным сектором реализуются проекты, проводятся социологические исследования, форумы, конференции, круглые столы, обучающие семинары, тренинги, совещания по решению проблем детства с привлечением международных и национальных экспертов.

Реализуются долгосрочные социально значимые акции: «Мы — дети твои, Казахстан! Нам жить в новом мире!», проводятся международные медиафестивали «ЖасМедиа KZ», международные саммиты, республиканские

Брифинг на тему «О защите прав детей, подвергшихся насилию» с участием главного эксперта Комитета по охране прав детей МОН РК Ерман Сапарұлы Жиренбай, директора Центра временного проживания «Комек» Анна Игоревна

слёты лидеров детского общественного движения совместно с ОО «Союз детских общественных организаций».

Значительную роль в продвижении идей, направленных на обеспечение защиты прав и интересов детей играет Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане.

При поддержке Детского фонда ООН в Казахстане, уполномоченным по правам человека совместно с Министерством образования и науки Республики Казахстан и неправительственными организациями за последние 6 лет проведены 7 социологических исследований. Итоги исследования легли в основу разработки нормативных правовых актов, рекомендации и методических пособий.

В Восточно-Казахстанской области совместно с Детским фондом ООН (ЮНИСЕФ) в Казахстане и акиматом области реализован пилотный проект модельной программы по профилактике и предотвращению насилия.

Сегодня оперативную помощь детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации вследствие жестокого обращения и насилия предоставляют Центры адаптации несовершеннолетних, а также кризисные центры.

В Республике Казахстан действуют 18 Центров адаптации несовершеннолетних (ЦАНов), из них 13 - в областных центрах, 5 - в городах Астана, Алматы, Семей, Жезказган и Темиртау.

За 6 месяцев т.г. в ЦАНов были помещены 3 838 н/летних, в т.ч. 487 - оставшихся без попечения родителей, 3 254 - безнадзорных и беспризорных, 46 - направляемые в специальные организации образования для детей с девиантным поведением, 51 - несовершеннолетних находящихся в ТЖС.

РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА ГОССЕКРЕТАРЯ РК В ВКО

Государственный секретарь Республики Казахстан Гульшара Абдыкаликова в рамках первого дня рабочей визита в Восточно-Казахстанскую область встретилась с женской общественностью региона.

Государственный секретарь встретилась с представителями женской общественности: депутатами маслихатов, бизнес-сообщества, руководителями учреждений культуры и образования, общественных организаций. Обсуждены вопросы активизации участия женщин в реализации Плана Нации «100 конкретных шагов», поддержки женского предпринимательства, увеличения представительства женщин в государственном и общественном управлении, развития семейно-демографической политики.

Также Гульшара Абдыкаликова посетила областной Центр крови городе Усть-Каменогорск, который введен в эксплуатацию в текущем году. Современное автоматизированное оборудование способствует высокому качеству лабораторных исследований и обеспечивает медицинские организации области компонентами крови высокого качества. В центре работают высококвалифицированные специалисты: 93% медицинского персонала имеют высшую и первую категории.

Далее, в рамках рабочей поездки по области, Гульшара Абдыкаликова прибыла в г.Семей и приняла участие в праздничных мероприятиях, посвященных 170-летию Абая Кунанбаева.

В реализации инициированных Главой государства Пяти институциональных реформ, на-

правленных на всестороннюю модернизацию страны, большое значение имеет изучение духовного наследия великого поэта, философа и просветителя. В театре имени Абая Государственный секретарь приняла участие в торжественном мероприятии «Адамзаттың Абайы», по окончании которого был дан праздничный концерт. Почетными гостями праздника были политические и общественные деятели, известные поэты, писатели, ученые-абаеведы, переводчики произведений великого мыслителя.

Гульшара Абдыкаликова также посетила Государственный историко-культурный и литературно-мемориальный заповедник - музей Абая «Жидебай-бөрілі», основанный в 1940 году. В фондах музея хранятся более 500 старинных книг на арабском, персидском, турецком языках. В 2014 году музей вступил в международное музейное сообщество ICOM.

В заключение поездки, госдасртвенный секретарь РК посетила уникальный Центр ядерной медицины «Региональный онкологический диспансер», в г.Семей вошедший в состав крупнейшего в стране медицинского радиологического кластера.

Гульшара Абдыкаликовой продемонстрировали новейшее медицинское оборудование, рассказали о перспективах развития онкологической помощи населению региона. Работа Центра ядерной медицины является ярким примером применения ядерных технологий в мирных целях.

По итогам визита в ВКО Государственным секретарем Г.Н.Абдыкаликовой были даны конкретные поручения государственным органам.

РФ РАССМОТРИТ ВОПРОС О СОЗДАНИИ В КАЗАХСТАНЕ СИСТЕМЫ ПРН

"Ратификация и дальнейшая реализация Соглашения отвечает интересам Российской Федерации и позволит сохранить узел "Балхаш" в составе российских систем предупреждения о ракетном нападении и контроля космического пространства, обеспечив тем самым российское военное присутствие в Центрально-Азиатском регионе коллективной безопасности", - говорится в сообщении.

Законопроект уже одобрен комиссией по законопроектной деятельности.

В самом документе сказано, что Соглашение устанавливает международно-правовые основы передачи Казахстаном узла «Балхаш» для его эксплуатации Россией. Цитата: «Устанавливаются новые границы земельных участков этого узла и порядок его функционирования. Также Соглашение содержит положения о порядке несения боевого дежурства (в том числе совместного)

дежурными расчетами узла «Балхаш», направленных российско-казахстанского взаимодействия в рамках Соглашения, соблюдения норм экологической безопасности и регулирует вопросы пребывания на казахстанской территории российских военнослужащих и других граждан, на которых распространяется действие Соглашения».

Накануне МО РК, сообщило о том, что Россия передала Казахстану на безвозмездной основе пять современных зенитно-ракетных комплекса С-300ПС.

Напомним, военные ведомств двух стран в конце января 2014 года договорились о начале совместной эксплуатации комплекса, его дальнейшего развития, о совместной работе по обеспечению совместной противозвоздушной обороны.

источник: ИА Total.kz



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ТЕНДЕРДІ ӨТКІЗУ
ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ
ХАБАРЛАМА

ИНФОРМАЦИОННОЕ
СООБЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ
ТЕНДЕРА

2015 жылдың 2 қыркүйегінде сағ. 16.00 Пушкин к-сі 7 үй, мекен жайында орналақан әкім аппаратының акт залында коммуналдық меншіктегі нысандарды кейінен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру үшін тендер өткізіледі.

Сенімгерлік басқаруға ұсынылады:

№1 нысан – Бауыржан Момышұлы 1 мекен-жайында орналасқан мүліктік кешен, жалпы құрылыс алаңы 1480,3 ш.м., мүліктік кешеннің техникалық жағдайы қанағаттанарлық, нысан күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бағалау құны - 19 651 432 (он тоғыз миллион алты жүз елу бір мың төрт жүз отыз екі) тенге.

№2 нысан - Бауыржан Момышұлы 1а мекен-жайында орналасқан ғимарат, жалпы алаңы 519,3 ш.м. ғимараттың техникалық жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланады, күрделі жөндеуді қажет етеді.

Бағалау құны – 4 870 374 (төрт миллион сегіз жүз жетпіс мың үш жүз жетпіс төрт) тенге.

Тендер жеңімпазы тендерлік комиссияның қорытындысы бойынша ең жақсы шарттарды ұсынған тендерге қатысушы болып анықталады.

Кепіл жарна:

№ 1 нысан - 589 543 (бес жүз сексен тоғыз мың бес жүз қырық үш) тенге.

№ 2 нысан - 146 112 (жүз қырық алты мың бір жүз он екі) тенге.

Кепіл жарна келесі есеп шотқа жіберіледі «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ БСН 131040027802, ЖСК № KZ57070103KSN3027000, БИК ККМФКZ2А, в «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетіне», Депозитный шот № KZ810705034592259006.

Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды:

1) Белгіленген нысан бойынша тендерге қатысуға өтінімі;

2) басқа құжаттардан бөлек желімделген конвертте тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде тендер шарттары бойынша ұсыныстарды;

3) тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банкілердің әрқайсысынан анықтама ұсынылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың сонғы қаржы жылындағы аудиторлық есебін;

5) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырылған көшірмесін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы;

6) жарғының нотариат куәландырылған көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқаны ұсына отырып, жарғы көшірмесін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариат куәландырылған аудармасымен ұсынады;

7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөрі (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасын немесе электронды көшірмесін;

8) мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілдік жарнаны аудару туралы төлем тапсырмасының немесе түбіртегінің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын;

9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізген өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжатты (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдік паспортты (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәлікті ұсынған жағдайда жарамды);

Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру бұйрымымен бекітілген № 17 Қағидалардың 25-тармағының 1), 2), 8), тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәліктің, шетелдік паспорттың (шетелдіктер үшін) немесе уақытша жеке куәліктің көшірмесін;

2) дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады.

Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы бар болған кезде жүргізіледі.

Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

Нысандарды сенімгерлік басқаруға беру шарты бойынша сенімгерлік басқарушының міндеттері:

1) өзге де уәкілетті органдармен (Қазақстан Республикасының су кодексінің 125 бабы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының ж.б.) нысанды мақсатты пайдалануын келісу;

2) жаңа жұмыс орындарын ашу (Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» № 17 бұйрығының 45 тармақшасы);

3) Ққланың аумағының бас құрылыс жоспарының мақсатты пайдалануына сай қажеттілікке байланысты нысандарды ағымдық және күрделі жөндеу, немесе қайта қалпына келтіру, құрысын салу (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 16 және 30 баптары).

4) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру туралы келісім жасалған уақыттан бастап, 3 жыл мерзім ішінде кешіктірмей, нысанда пайдалануға беруді, жұмыс жасау және қызмет көрсетуді қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 68 бабы мен Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» № 17 бұйрығының 45 тармақшасы).

5) нысанға қатысты аумақтарды абаттандыру (Қарағанды облыстық маслихатының XII сессиясының 2013 жылғы 14 наурыздағы «Қарағанды облысының елді мекендері мен қала аумақтарын абаттандыру ережелерін бекіту туралы» № 130 шешімінің 50 тармағы);

6) сенімгерлік басқару бойынша шарттарды толығымен орындаған соң нысандарды (бөлім немесе бөлмей) сатып алу (Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» № 17 бұйрығының 45 тармақшасы).

Өтінімді қабылдау келесі мекен жай бойынша іске асырылады : Приозерск қаласы Балкаш көшесі 5 үй, «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ 306 бөлме, жұмыс күндері сағ. 10.00 ден -18.00 дейін, түскі асқа үзіліс уақыты сағ. 13.00 ден 14.30 дейін.

Байлыныс тел: 8 (71039) 5-42-36

2 сентября 2015 года в 16.00 часов в актовом зале аппарата акима по ул.Пушкина д.7 проводится тендер по предоставлению объектов коммунальной собственности в доверительное управление с правом последующего выкупа.

К доверительному управлению предлагается:

Объект №1 - имущественный комплекс по ул. Бауыржана Момышұлы, 1, общая площадь застройки 1 480,3 кв.м, техническое состояние имущественного комплекса оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Оценочная стоимость 19 651 432 (девятнадцать миллионов шестьсот пятьдесят одна тысяча четыреста тридцать два) тенге.

Объект №2 - здание по ул. Бауыржана Момышұлы, 1а, общей площадью 513,9 кв.м, техническое состояние здания оценивается как удовлетворительное, объект требует капитального ремонта.

Оценочная стоимость 4 870 374 (четыре миллиона восемьсот семьдесят тысяч триста семьдесят четыре) тенге.

Победителем тендера признается участник тендера, который по заключению тендерной комиссии предложил наилучшие условия.

Гарантийный взнос:

за объект №1 - 589 543 (пятьсот восемьдесят девять тысяч пятьсот сорок три) тенге.

за объект №2 - 146 112 (сто сорок шесть тысяч сто двенадцать) тенге.

Гарантийный взнос вносится на счет ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск», БИН 131040027802, ИИК № KZ57070103KSN3027000, БИК ККМФКZ2А, в «Комитете Казначейства МФ РК, на Депозитный счет № KZ810705034592259006.

Для регистрации в качестве участника тендера необходимо представить:

1) заявку на участие в тендере по установленной форме;

2) предложения по условиям тендера в письменном виде с приложением обусловленной тендером документации в отдельном от других документов запечатанном конверте;

3) оригинал справки банка (филиала банка) об отсутствии просроченной задолженности перед банком (филиалом банка) по всем видам обязательств участника тендера, дейщей более трех месяцев, предшествующих дате выдачи справки, выданной не ранее даты объявления тендера, с подписью и печатью (электронной цифровой подписью). В случае, если потенциальный участник является клиентом нескольких банков второго уровня или филиалов, а так же иностранного банка, то представляются справки от каждого из таких банков;

4) аудиторский отчет за последний финансовый год юридических лиц, для которых законодательством Республики Казахстан установлено обязательное проведение аудита;

5) копию свидетельства или справку о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица с обязательным предъявлением оригинала для сверки или нотариально засвидетельствованную копию указанного документа либо справку о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица;

6) нотариально засвидетельствованную копию устава либо копию устава с предъявлением оригинала для сверки. Иностранные юридические лица представляют учредительные документы с нотариально заверенным переводом на государственный и русский языки;

7) оригинал или электронную копию справки соответствующего налогового органа с подписью и печатью (электронной цифровой подписью) об отсутствии налоговой задолженности, задолженности по обязательным пенсионным взносам, по обязательным профессиональным пенсионным взносам и социальным отчислениям более чем за три месяца (за исключением случаев, когда срок уплаты отсрочен в соответствии с законодательством Республики Казахстан), выданной не ранее даты объявления тендера;

8) оригинал платежного поручения или квитанции (для физического лица) о переводе гарантийного взноса на депозитный счет учредителя доверительного управления государственным имуществом;

9) документ, удостоверяющий полномочия представителя потенциального участника тендера, в том числе представителя, внесшего гарантийный взнос согласно пункту 19 настоящих Правил (действителен при предъявлении удостоверения личности гражданина Республики Казахстан, заграничного паспорта (для иностранца) либо временного удостоверения личности);

Потенциальный участник тендера, являющийся физическим лицом, представляет документы, предусмотренные подпунктами 1), 2), 8), пункта 25 Правил передачи государственного имущества в доверительное управление, утвержденных Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 16 января 2015 года № 17 а также:

1) копию удостоверения личности гражданина Республики Казахстан, заграничного паспорта (для иностранца) либо временного удостоверения личности;

2) копию свидетельства о государственной регистрации индивидуального предпринимателя (для индивидуального предпринимателя).

Прием заявок и регистрация лиц, желающих принять участие в тендере, производится при наличии полного комплекта требуемых документов.

Условиями передачи объектов в доверительное управление являются обязательства доверительного управляющего в отношении:

1) согласования целевого использования объектов с соответствующими (ст.125 Водного кодекса Республики Казахстан от 9 июля 2003 года № 481, Закон Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» от 16 июля 2001 года № 242 и т.д.) уполномоченными органами;

2) создание новых рабочих мест (п.45 Приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан «Об утверждении Правил передачи государственного имущества в доверительное управление» от 16 января 2015 года № 17);

3) проведения по мере необходимости текущего или капитального ремонта, либо реконструкции или строительства объектов по целевому использованию согласно генеральному плану застройки территории города (ст. 16 и ст. 30 Закона Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» от 16 июля 2001 года № 242);

4) обеспечения ввода в эксплуатацию объектов и начала выпуска товаров, выполнения работ и оказания услуг не позднее истечения 3-х летнего срока с момента заключения договора доверительного управления с правом последующего выкупа (ст. 68, ст. 73 Закона Республики Казахстан «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» от 16 июля 2001 года № 242; п.45 Приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан «Об утверждении Правил передачи государственного имущества в доверительное управление» от 16 января 2015 года № 17);

5) благоустройства прилегающих к объектам территорий (пункт 50 Решения XII сессии Карагандинского областного маслихата от 14 марта 2013 года № 130) «Об утверждении правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов Карагандинской области»;

6) выкупа объектов (в рассрочку или без) после полного выполнения условий договора доверительного управления (п.45 Приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан «Об утверждении Правил передачи государственного имущества в доверительное управление» от 16 января 2015 года № 17).

Регистрация участников тендера производится со дня публикации информационного сообщения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала Тендера.

Прием заявок осуществляется в рабочие дни по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская, д. 5, ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск», 306 каб. с 10.00 до 18.00 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Контактный тел: 8 (71039) 5-42-36.



СҮЙІНШІ

ЕЛІМІЗ БСҰ-на РЕСМИ ТҮРДЕ МҮШЕ БОЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 27-шілдесінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Азеведо республиканың ДСҰ-ға мүше болуы жөніндегі хаттамаларға қол қойды. Осылайша Қазақстан ДСҰ құрамына ресми түрде кірді.

Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер өткен аралықта Қазақстан экономикасының құрылымы айтарлықтай өзгерді. "Экономика мейлінше қуатты әрі ашық бола түсті. Жан басына шаққандағы ІЖӨ 18 есе ұлғайып, Орталық және Шығыс Еуропа деңгейіне жетті. Сыртқы сауда көлемі 120 миллиард доллар деңгейіне шықты. Біздің сыртқы сауда айналымымыздың 90 пайыздан астамы ДСҰ-ға мүше елдерге тиесілі. Сауда қарым-қатынастарының географиясы едәуір өзгерді. Қазақстанның сауда байланыстары 90-жылдардың ортасында бұрынғы кеңестік кеңестік елдерімен ғана жүргізілсе, бүгінде біз әлемнің 185 мемлекетімен сауда-саттық жасап отырмыз", – деді Мемлекет басшысы.

Соңында Мемлекет басшысы еліміздің еркін сауда және ашық ықпалдастық қағидағарына берік екенін айтты. "Қазақстан аз уақыттан соң ДСҰ нормаларымен жұмыс істей бастайды. Дейтұрғанмен, біз кедергілерді жойып, ашық ынтымақтастық қағидағарына ілгерілетіп, өңірлік ықпалдастық локомотиві бола отырып, экономикалық саясатымызды әуелден-ақ "ДСҰ рухында" құрып отырмыз. Бұл Ұйымның мүшелері арасында сауда-саттық кезіндегі кемсітуге жол бермеу – ДСҰ-ның басты қағида. Экономиканы саясатпен араластыратын санкциялық саясат саудаға кедергі келтіреді және ДСҰ қағидағарына сай емес. Мұндай жайтты болдырмау біздің ортақ міндетіміз деп ойлаймын. Сіздерге бірлескен еңбектеріміз үшін тағы да алғыс айтып, біз Ұйымның барлық мүшелерінің мүддесі, экономика-

ларымыз бен халықтарымыздың игілігі үшін ДСҰ аясындағы алдағы жұмысқа дайын екенімізге сендіргім келеді", – деді Қазақстан Президенті.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі туралы келіссөздердің аяқталғаны 22-маусымда жарияланды. Сол кезде Қазақстан Президенті Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуы біздің экономикамызды жаңа көкжиектерге бастайтынын айтты. "Кәсіпорындарымыздың шетел нарықтарына шығуын қамтамасыз етеді. Ал тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына таңдау жасауға жол ашады. Бүгінде сауда-саттығымыздың 90 пайызы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерге тиесілі. Қазақстан шетелдік инвесторлар мен серіктестер үшін бұрынғыдан да тартымды бола түседі. Жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер туады", – делінген Мемлекет басшысының үндеуінде.

Кейін "Атамекен" кәсіпкерлердің ұлттық палатасы төрағасының орынбасары Рахым Ошақбаев Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің артықшылықтарын айтып берді. Еске сала кетейік, ДСҰ-ға мүше болуға өтінішті 1996 жылдың 29 қаңтарында берді. Ұйымға кірудің шарттары туралы келіссөздер 19 жылдан астам уақытқа созылды.

Ендігі жерде еліміз кәсіпорындары, зауыт-фабрикалары мен кәсіпкерлерінің іскерлігі мен жаңашылдығы айқындалып, бәсекелестікке қабылдетілігі сыналатын шақ туады. Өзімізде өндірілетін тауарлардың көлемі ұлғайып, сапасы артып, бағасы да қолжетімді болуы, тұтынушы мен өндірушінің қарым-қатынасы да жақсаруы тиіс. Бұндай әрекеттер ел экономикасының дамуына да өз ықпалын тигізетін болады.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Қуанышқа бөлеген ішара

АУЛАҒА ШЫҒЫП, ОЙНА!

Кішкентай балалар үшін ойын – әрі оқу, әрі еңбек, әрі тәрбие де. Ойын айналадағы дүниені танудың өзінше бір тәсілі. Ол балаларға өмірде кездесетін қиындықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады, араластырып ортасымен қарым-қатынас орнатуда елшілік қыз-метін атқарады. Ойын екі түрлі уақыттық бағытты қамтиды: қазіргі және болашақ. Біріншіден, бала осы мезетте бірден қуанышқа бөленеді, екіншіден, ойын арқашан болашаққа бағытталған, өйткені оның барысында тұлғаның келешек өміріне ықпал ететін сапалы қасиеттері мен іскерлік дағдылары қалыптасады.

Үстіміздегі жылдың тамыз айында Приозерск қаласында жастар мен балалар арасында «Аулаға шығып, ойна!» атты ішара ұйымдастырылды. Ішара «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ және қаламыздың еріктілер қозғалысының ұйымдастыруымен өткізілді. Ішара бағдарламасында көңілді ойындар, қызықты конкурстар, эзіл жұмбақтар өткізілді. Шара соңында жастар мен балаларға арналған би кеші



ұйымдастырылды.

—Ішараға белсенді қатысқан балаларға «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ тарапынан естелік сыйлықтар берілді. Осындай ойындар қала-мызда жыл сайын ойын ауласында жастар мен балалар арасында өткізіліп отыратын болады, – дейді «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ инспекторы Рақыш Айдуман Қазбекұлы.

Н.ӨТЕП

ХАБАРЛАНДЫРУ ***

АВТОМОБИЛІ, АВТОЗАПЧАСТИ Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен.

Обращаться по телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Mitsubishi Space Wagon, 1997 г.в., светло-зеленый. Объем 2,0. Коробка механика, электропакет, 2SRS, круиз-контроль, кондиционер, 7 мест, ТО, налог.

Обращаться по телефону: 8707 204 02 60

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ ИММУНИЗАЦИЯ ПРОТИВ КОРЬ

Корь - заразное заболевание, вызываемое вирусом. Симптомы кори - сыпь, кашель, насморк, раздражение слизистой оболочки глаз и повышение температуры тела. Заболевание опасно осложнениями: пневмонией, отитами, судорогами, нарушениями со стороны центральной нервной системы. Возможен летальный исход. Вирус кори легко передается после контакта с больным воздушно-капельным путем

ВАКЦИНАЦИЯ - это единственный способ защиты от кори

КТО?

Все лица в возрасте 15-19 лет независимо от ранее полученных прививок от кори и при отсутствии противопоказаний к вакцинации

КОГДА?

С 1 октября 2015 года

КАК?

Однократно подкожная инъекция коревой вакцины в плечо

Вакцина безопасна и эффективна, сертифицирована Всемирной организацией здравоохранения

ГДЕ?

В прививочных кабинетах поликлиники и школ.

Вы можете получить дополнительную информацию по вакцинации в Приозерском Управлении по защите прав потребителей по телефонам доверия - 5-41-13.

**ВАКЦИНАЦИЯ ПРОВОДИТСЯ БЕСПЛАТНО!
СДЕЛАЙТЕ ПРИВИВКУ ОТ КОРЬ, ЭТО ВАШЕ ПРАВО НА ЗАЩИТУ ЗДОРОВЬЯ!**

Приозерское Управление по защите прав потребителей

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59 ***

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11 ***

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж.

Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел.8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты! ***

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97. ***

3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой. Тел. 87755749131 дом.5-33-64 ***

Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай батыра -4, кв.15 тел.8-777-485-62-51

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 87026988613

УТЕРЯНО

Постановление Акимата г.Приозерск

№1/2 от 06.01.2014 г о выдаче земельного участка в частную собственность ТОО «Приозерские теплицы» на имя Салыхова Р.Р. Прошу вернуть за вознаграждение Телефон в редакции ***

Свидетельство об основном среднем образовании сер.НОБ №0266630 от 16.06.2010 года, выданное средней школой №1 г.Приозерск на имя Айткалиева Адилета Максатовича Прошу вернуть за вознаграждение тел.87788536405

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

MPG-BOOST™ - катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ) для двигателей внутреннего сгорания, способствующий экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

MPG-BOOST™ способствует:

- уменьшению количества выбросов;
- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
- усовершенствованию увлажнения;
- снижению расхода топлива.



По вопросам приобретения обращаться по телефонам: +7 (702) 604-02-60 или +7 (707) 204-02-60 (возможно приобретение пробной дозировки).

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 32/417 Тираж: 500 экз., объем- 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041